

«Ас блогының жұмысын ұйымдастыру және асханадағы құрал-жабдықтардың, ыдыс-аяқтың жарамдылығын» тексеру туралы анықтама.

Тексеру күні: 01.10.2025 жыл.

Тексеру жүргізгендер: балабақша бойынша 02.09.2025 жылғы №42 §1 бұйрығымен құрылған бракераж комиссия мүшелері. Құрамында: балабақша медбикесі А.О.Ундыбаева, балабақшаның шаруашылық меңгерушісі А.О.Аманова, ата-ана Ж.Н.Бакитова.

Тексеру мақсаты: балабақша тәрбиеленушілерінің тамақтануын қадағалауды күшейту. Ас блогінің санитарлық жағдайын, технологиялық жабдықтарын тексеру.

Тексеру барысында анықталғаны: 1.Аспазшылардың еңбек жағдайлары қолданыстағы ережелерге сәйкес келеді. Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық, ас үй аумағын және барлық қосалқы бөлмелерді тазалау сапасы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілуде.

2.Ас блогы технологиялық жабдықтармен және ыстық және суық сумен жабдықталған раковиналармен жабдықталған (2 дана). Ыдыс жуу және жабдықты тазалау процедуралары орындалады (рұқсат етілген жуғыш заттарды пайдаланады: 2% сабынды-содалы ерітінді). Қолданылатын жуғыш және дезинфекциялау құралдарының концентрациясы мен көлемі көрсетілген, ыдыстар мен жабдықтарды қалай жуу керектігі туралы нұсқаулықтар ілінген.

Ас блогындағы технологиялық жабдықтар тізімі:

2.1 Электроплита (2 дана) – жұмыс жасайды;

2.2 Тоңазытқыш (1 дана) тәуліктік сынамаға арналған – жұмыс жасайды.

2.3 Электр еттартқыш (1 дана) – істен шыққан, қол еттартқыш пайдалануда.

2.4 Желдеткіш сорғыш - істен шыққан

Технологиялық жабдыққа қойылатын талаптар қатаң сақталады: технологиялық жабдықтың әрбір бөлігінің жанында пайдалану және қауіпсіздік нұсқаулары ілінген. Электр жабдығының жанында еденге жеткілікті мөлшерде диэлектрлік резеңке төсеніш қойылған.

3. Асхананың едені линолеуммен жабылған, тегіс, шұңқырсыз, тайғақ емес.

Асхана арнайы орындарға бөлінген, белгіленген кесу үстелдері, тақталар және пышақтар жеткілікті; олар дұрыс пайдаланылады және сақталады. Асханада ыдыс-аяқ жеткілікті, жарығы, сынығы жоқ. Ыдыс-аяқтар 35 см биіктікте кептіргіш сөреде сақталады. Барлық үстелдер, ыдыстар, ыдыс-аяқтар (пышақтар кескіш тақталар, қазандар, кастрюльдер, шелектер және т.б.) санитарлық ережелерге сәйкес таңбаланған. Өндірістік үстелдердің жұмыс беттері тегіс тігістер, жарықтар және ойықтар жоқ. Ас үй ыдыстарын сақтауға арналған сөрелер берік және тұрақты.

4. Дайын өнімнің сынамасы күн сайын қақпағы бар стерильді шыны ыдыстарға алынады және тоңазытқыштың белгіленген орнында $+2$ ден $+6^{\circ}\text{C}$ температурада 48 сағат бойы сақталады; тағамның шығымдылығын бақылау үшін таразы бар.

5. Тазалау жабдықтары арнайы белгіленген жерде сақталады және қызыл бояумен белгіленген.

Тексеру қорытындысы: ас блогінің санитарлық жағдайы қанағаттанарлық, технологиялық жабдықтар жарамды, аспазшылардың жұмысына «қанағаттанарлық» деп бағаланды.

Ұсыныс: санитарлық талаптарды орындау, жабдықтар мен ыдыс-аяқтың жарамдылығын уақытылы тексеру, ауыстыру. Желдеткіш сорғышты жөндету.

Тексерген: медбике А.Ундыбаева.

шаруашылық меңгеруші А.Аманова.

ата-ана Ж.Бакитова.

Таныстым: аспазшы К.Димисинова.

аспазшы Ж.Кашкимбаева.

«Жас ерекшелігіне байданысты граммға шаққандағы порциялардың массасын бақылау» туралы анықтама

Тексеру күні: 01.11.2025 жыл.

Тексеру жүргізгендер: бракераж комиссиясының мүшелері: балабақша медбикесі А.О.Ундыбаева, балабақшаның шаруашылық меңгерушісі А.О.Аманова, ата-ана Ж.Н.Бакитова.

Тексеру мақсаты: балабақша тәрбиеленушілерінің тамақтануын қадағалауды күшейту. Топтар бойынша тамақтану кестесінің сақталуы, ас мәзірінің сақталуын тексеру, тағамдардың шығымының ұсынылатын массасын бақылау.

Тексеру барысында анықталғаны: топтардың тамақтану орындарында 01.09.2025 жылы балабақша меңгерушісімен бекітілген «2025-2026 оқу жылына арналған балалардың тамақтану кестесі» ілінген. Ересек «Балақай» тобының тамақтану орны бөлек, ересек «Айгөлек» тобы мен ортаңғы «Бөбек» тобының тамақтану орны біріктірілген. Осыған байланысты, ересек тобының тәрбиеленушілері таңғы, түскі, кешкі асты бірінші кезекте қабылдайды, тамақтану уақыты 20-30 минутты құрайды. Ортаңғы топ балалары 30-40 минут тамақтанады. Тамақтану арасындағы уақыт 3-3,5 сағатты құрайды, талап сақталған. Әр топтың балалары тамақтануға уақытылы келеді, тамақтану алдында гигиеналық шаралар орындалады. Тамақтану барысында анықталғаны: ас мәзірі бекітілген 4 апталық ас мәзіріне сәйкес, ауытқушылық жоқ. Ересек топтар бойынша балалар кезекшілігі ұйымдастырылған. Тәрбиеші көмекшісінің тамақтандыру кезінде ақ халат пен бас киімі бар, тәрбиешілердің киім тәртібі сақталмаған. Балалар асханалық құралдармен, майлықпен пайдалана алады. Дайын тағамның шығымдылығын бақылау үшін асханаға таразы қойылған.

Осы күнгі дайын тағамның шығымы өлшеніп, тексерілді. Түскі астын бірінші тағам 180 грамм, екінші тағам 180 грамм, үш тағамның 180 грамм (сусын) массасы 3-5 жас аралығындағы балаларға сәйкес келеді, талап сақталған. Асты тарату кестесі, 4 апталық ас мәзірі асханпада бар.

Тексеру қорытындысы: тағамдардың шығымының ұсынылған массасы сақталған.

Ұсыныс: әр дайын тағамның шығымының ұсынылған массасын білу, дайын өнімнің сынамасын күн сайын алып, сақтау, ас мәзірінен ауытқымау,

Тексерген: медбике А.Ундыбаева.

шаруашылық меңгеруші А.Аманова.

ата-ана Ж.Бакитова.

Таныстым: аспазшы К.Димисинова.

аспазшы Ж.Кашкимбаева.

М
Кашимбаева

«Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізаттың қоймадағы сақталуын тексеру»
туралы анықтама.

Тексеру күні: 01.12.2025 жыл.

Тексеру жүргізгендер: бракераж комиссиясының мүшелері: балабақша медбикесі А.О.Ундыбаева, балабақшаның меңгерушісі Л.Т.Еркусимова, ата-ана Ж.Н.Бакитова.

Тексеру мақсаты: балабақша тәрбиеленушілерінің тамақтануын қадағалауды күшейту. Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізаттың қоймадағы сақталуын тексеру.

Тексеру барысында анықталғаны: азық-түлік сақтау қоймасы бар, азық-түлік жеткізушілермен келісім-шарттар бар. Ағымдағы жылы 3 азық-түлік жеткізушімен шарттар жасалған. Қоймада 2 тоңазытқыш және 2 мұздатқыш бар, жұмыс жасайды. Тоңазытқыштар термометрлермен қамтылған, тоңазытқыш жабдығының температура журналы бар. Азық-түлікті қабылдауға шаруашылық меңгерушісі А.Аманова жауапты, қабылдау журналы арналған, шаруашылық меңгерушісі жүргізеді, тез бұзылатын өнімдер журналы арналған. Өнімдер қоймаға ілеспе құжаттардың міндетті жиынтығымен қабылданады: жүкқұжат, сапа сертификаты, ветеринариялық анықтама. Азық-түлікті сақтау талаптары орындалған, контейнерлер, сөрелер бар, сыртында өнімдердің атаулары жазылған. Азық-түлік өнімдері бөлек ыдыста сақталады, сақталу талаптары орындалады (товарное соседство). Балабақшаға азық-түлік өнімдері берілген тапсырыстар бойынша жеткізіледі.

Тез бұзылатын өнімдерді сақтау үшін тоңазытқыштар жеткілікті. Шаруашылық меңгерушісі тоңазытқыш температурасын бақылаудың күнделікті журналын жүргізеді. Азық-түлік қоймасының санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық.

Тексеру қорытындысы: тамақ өнімдерін сақтау талаптары орындалады.

Ұсыныс: тоңазытқыш жабдықтарының жиітіу кестесін іліп қою.

Тексерген: меңгеруші Л.Т.Еркусимова. 

медбике А.Ундыбаева. 

ата-ана Ж.Бакитова. 

Таныстым: шаруашылық меңгерушісі А.Аманова. 

«Қыс-көктем, жазғы-күзгі 4 апталық ас мәзірін құру бойынша анықтама»

Күні: 05.01.2026 жыл.

Қатысқандар: бракераж комиссиясының мүшелері: балабақша медбикесі А.О.Ундыбаева, балабақшаның шаруашылық меңгерушісі А.О.Аманова балабақшаның меңгерушісі Л.Т.Еркусимова, ата-ана Ж.Н.Бакитова.

Мақсаты: "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 16 бұйрығын орындау.

2026 жылдың 05 қаңтар күні бракераж комиссиясының мүшелерінің қатысуымен меңгеруші жанында кеңес отырысы ұйымдастырылды. Отырыс барысында тамақтану стандартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар талқыланып, маусымдық 4 апталық ас мәзіріне енгізілетін өнімдер талқыланды. Атап айтқанда, тамақтану стандарты бойынша балабақша тәрбиеленушілерінің ас мәзіріне бұршақ өнімдері (жасыл бұршақ, фасоль, бұршақ, жасымық, маш, ноқат) тағамдарға, гарнирлерге немесе жеке тағамдарға қосымша ретінде қосу көзделген. Ет тағамдарын дайындау үшін жылқы еті, бұзау еті, сиыр еті, сондай-ақ қабығы аршылған құс еті (тауық еті, күркетауық) қолдануға ұсынылған.

Өзгерістерді ескере отырып, балабақшаның жаңа ас мәзіріне төмендегідей тағамдар қосылды:

1. Борщ сорпасы фасольмен
2. Жасымық сорпасы
3. Жеміс шәйы.

Қорытынды: әзірленген 4 апталық ас мәзірі қолдануға ұсынылсын.

Ұсыныс: тамақтанудың стандарт талаптарын орындау.

Анықтама дайындаған балабақша медбике А.Ундыбаева.

